




**“Ы.Алтынсарин жалпы білім беретін мектеп” КММ
2023-2024 оқу жылы бойынша өзін-өзі бағалау
қорытындысы**



Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы



Атауы: Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Негізгі мекен жайы: 161111, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Бірінші Мамыр ауылдық округі, Бейнеткеш ауылы, Ұйымшыл көшесі, №69 ғимарат

Телефоны: +7(771)061-30-55 веб-сайт домендік атауы бар, сайт жасақталуда

E-mail: altynsarinjom@mail.ru

Басшысы: Шакуов С.Б. телефоны: 87776702973

Мемлекеттік тіркеу куәлігі: KZ08LAA00026053

Лицензиясы: № KZ08LAA00026053 берілген күні: 31.03.2021 жыл



Өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері



1. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары

2. Оқытушылық және оқыту

3. Білікті қызметкерлердің болуы

4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау

5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

6. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база

1. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары

Мектеп тақырыбы: «Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту»

Мектептің миссиясы:

Білім алушыларға трендтік оқыту құралдары арқылы сапалы білім беру, ұлттық құндылықтары бойына дарыған жеке тұлғаның шығармашылығы мен функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал ету;

Пайым:

Білім алушы бойындағы адамгершілік, көшбасшылық және патриоттық сезімдері мен икемді дағдыларын басқара алатын, жауапкершілігі жоғары белсенді азамат қалыптасады.





Мектептің мақсаты:

Педагогтердің трендтік білім беру мазмұны аясындағы кәсіби құзыреттілігі арқылы білім беруде қоғам өзгерістеріне тез бейімделетін, адамгершілігі жоғары, жауапты, бастамашыл және құзыретті, дүниетанымы кең азаматты тәрбиелеу.

Мектептің міндеттері


- Сабаққа смарт мақсат қоя отырып, нәтижеге бағытталған білім беру;
- Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік және біліктілік арттыру курстардан өтуін 100% қамтамасыз ету;
- Ақпараттық технологияларды, Onlinemektep.kz, Bilimcenter.kz, Bilimland (imektep, itest) сайтының мүмкіндіктерін Pisa, Timss халықаралық зерттеуге дайындықтарына пайдалану;
- Күнделікті тәжірибеде Quizizz, Kahoot, Quzlet, Padlet, Plikers интерактивті білім беру қосымшаларын қолданатын мұғалімдер үлесін арттыру
- Күнделікті білім беру үрдісінде әлеуметтік желілерді, бұлтты сервистерді, QR-кодтау технологиясын тиімді қолдану;
- 5-11 сыныптарға берілген таңдау пәндерінің оқытылуын басшылыққа алу;
- Педагогтардың тәжірибесін тарату, өз білімін көтеру жұмыстарын жандандыру;
- Авторлық бағдарламалар, ғылыми жұмыстармен айналысуға жағдай жасау;
- Оқушы уәжін тыңдау, «Сенім жәшігі» жұмысын жандандыру, оқушылардың қажеттілігін ескеріп жұмыстар жүргізу;
- Мектептегі кәсіби қоғамдастықтың жұмысын жандандыру. Тірек мектептермен жұмысты қадамдап іске асыру
- Тұлғалық сапа негізі ретінде оқушыларды рухани тәрбиелеу;

2. Оқытушылық және оқыту




Бастауыш сынып


Оқушы саны



Білім сапасы




Пәндер бойынша жылдық білім сапасы




3. Білікті қызметкерлердің болуы

Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы (38)




Педагогикалық кадрлардың еңбек өтілдері



Мұғалімдердің қайта даярлау курсынан өтуі:



Педагог-шебер – 1(2,6%)
Педагог-зерттеуші – 11(28,9%)
Педагог-сарапшы – 4(10,5%)
Педагог-модератор – 11(28,9%)
Педагог – 12(31,6%)




Қазіргі таңда 8 мұғалім
курстан өтуде

Дарынды оқушылармен жұмыс

Пән олимпиадалары (аудандық кезең):



Ғылыми жоба, «Зерде» (аудандық кезең)



Тәрбие жұмысы

Мектепшілік және мектептен тыс мекемелердегі үйірме жұмысына қамту

Барлық оқушы саны	Мектепшілік			Мектептен тыс мекемелерде			Жалпы		
230	4	88	38%	4	60	26%	8	148	64%

Жетістіктердің өсу динамикасы

Оқу жылдары	Халықаралық	Республикалық	Облыстық	Қала-аудан
2022-2023	0	4 қашықтық	2	11
2023-2024	0	12 қашықтық	2/3	8

Салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарына оқушыларды қамту мониторингісі

Оқу жылы	Оқушылар саны	Мед.қызметпен қамту	Ыстық тамақпен қамту	Денсаулық фестивалі	Мектепшілік акциялар	Плакаттар, суреттер көрмесі	Спорттық секцияларда жаттығушылар		Спорттық жарыстарға оқушылардың қатысуы		
							Мектепшіінде	Спорт мектептерінде	Мектепшілік	Аудандық	Облыстық
2023-2024	230	100%	50%	100%	72%	53%	57/25%	20/9%	82%	17%	0%

4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау



№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар	230	100
	Отбасы түрі бойынша:		
1	Толық отбасылар	122	93
2	Толық емес отбасылар	8	9
3	Анасы жоқ балалар	4	2
4	Әкесі жоқ балалар	4	2
5	Көп балалы отбасы	120	52
6	Аз қамтамасыз етілген отбасы	10	4
7	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0	
8	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	7	3
	Үйде оқытылатын бала саны	5	2
9	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
10	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
11	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
12	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
	Ата-аналарының білімі:		
1	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	70	30,2
2	Техникалық және кәсіптік	32	14
3	Орта	28	12

5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету



Бейнекамералардың жалпы саны (ішкі, сыртқы) – 16(8-данасы ғимарат ішінде, 8-данасы сыртта).

Ұйымға іргелес жатқан аумақтың периметрі, бас және қосалқы кіру есіктері, адамдар көп жиналатын жерде бейнебақылау - басты кіретін есікке 2-данасы қойылған, 2-данасы мектеп алдына қойылған, 4-данасы мектептің артқы аумағына қойылған. Бейнекамералардың ақпаратты сақтау мерзімі – 30 күн.

Өрт қауіпсіздігі қағидалар нормаларының орындалуы талапқа сай. Хабардар ету жүйесі, турникет, дабыл түймесі бар. Оқушылар өтетін өткелдің екі жанындағы көлік жылдамдығын төмендететін 2 дана төбешіктер орнатылған және «Оқушылар өткелі» белгісі қойылған.

6. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база

Мектептің құрылысы:

- Пайдалануға берілген жылдар – 2000, 2015, 2015;
- Пайдалану алаңы 17 607.2 м²;
- Жобалық сиымдылығы –300;
- Күрделі жөндеуден өткен жылы – 2016;
- Мектепті қауіпсіздікпен қамтамасыз етілуі: бейнекамералар саны – 16, дабыл түймесі – 1, жедел басқару жүйесіне қосылған.
- Қазандығы – газ.

Материалдық техникалық базасы:

- Жаңа үлгідегі кабинеттер саны – 3(химия -1, биология -, физика -1, информатика – 1, робототехника – 0); техникалық жабдықтауды қажет етеді
- Жалпы оқу кабинеті – 26;
- Спортзалы -1;
- Кітапхана -1;
- Медициналық кабинет -1;
- Компьютер сыныптар саны -1;
- Психолог кабинеті -1

•4 шеберхана (ағаш өңдеу, темір өңдеу, тігін,аспаздық);

Ақпараттық-техникалық жағдайы:

- Компьютер саны – 14;
- 1 компьютерге 16 оқушыдан келеді;
- Жарамдылық уақыты өткен компьютерлер –30;
- Интерактивті тақта саны – 2;
- Панель – 0;
- Проектор саны – 4;
- Мектептегі интернет желісі, жылдамдығы, мб/с - 20;
- Мектеп 3 корпустан, яғни А, Б, В корпустарынан тұрады. А корпусы 2000 жылы, Б корпусы 2015 жылы, В корпусы 2015 жылы пайдалануға берліген.
- Асхананың жалпы ауданы – 309 кв/м², .40 орын орындықты, биылғы оқу жылында ыстық тамақпен 89 және әлеуметтік топтағы 14 оқушы қамтылды.

Мектептегі атқарылған жұмыстарға SWOT талдау

SWOT талдау

Күшті жақтары:

- Мектептің орналасқан аумағы;
- Мұғалімдердің сапалық құрамының артуы, 72% ;
- Ата-ана-Мектеп-Оқушы белсенді қарым-қатынасы;
- Дарынды оқушылардың артуы, жетістікке жетуі.
- Барлық мұғалімнің өз кәсіби дамуында цифрлық құзыреттілігін тиімді пайдалана алуы.

Әлсіз жақтары:

- Оқушы контингентінің шамадан тыс төмендеуі;
- Мектептің материалдық-техникалық базасының жабдықталуы, модификациялық оқу кабинеттерінің жоқтығы;
- Мектептің озат мұғалімдері өз практикаларында инновациялық технологияны пайдаланғанымен, ғылыми тұрғыдан негіздей алмауы;
- Оқушылардың сабаққа мотивациясының төмендеуі.

Мүмкіндіктер:

- Талантты және дарынды оқушылардың жетістікке жетуі;
- Мұғалімдердің трендтік педагогикалық технологияны оқу-тәрбие үрдісіне ендіре алуы;
- Дарынды оқушылардың облыстық, республикалық деңгейге көтеріле алуы.

Қауіп-қатер:

- Мұғалімдердің оқушылармен оқыту және оқу бойынша кеңеспеуі, олардың қажеттіліктерін ескермеуі;
- Оқушылардың әлеуметтік жағдайы;
- Жекеленген мұғалімдердің трендтік оқыту стратегияларын таңдауда, қиындықтарға тап болуы;
- оқушылардың тәрбие жүйесіне алаңдаушылық .

Жаңа оқу жылында алға қойылатын негізгі міндеттер

- Барлық сыныптағы оқушылардың білім сапасы деңгейін арттыру;
 - негізгі және жалпы орта сыныптағы білім сапа 40% төмен болмау;
 - бастауыш сыныптарда білім сапа 65% төмен болмау;
- Оқушылардың өз бетінше білім алу және оны практикада қолдану қажеттігі мен дағдысын қалыптастыру, негізгі құзыреттіліктерді игеруіне қолайлы орта қалыптастыру ;
- Оқушыларды бейінді оқыту жағдайында мамандықтар бойынша кәсіби ағартушылық жұмыстар 5-сыныптан бастап жүргізу;
- ББЖМ және мемлекеттік емтихан мен тестке жан-жақты дайындық жүргізу, тестілеуді оқу үрдісінде жоспарлы қолдану;
- Диагностиканы және бақылаудың формаларын, түрлерін жетілдіру;
- Мұғалімдердің авторлық бағдарламаларының, озық іс-тәжірибелерін зерттеу жинақтау бойынша жұмысын жандандыру ;
- Оқушылардың олимпиадалық резервімен жұмысты жандандыру;
- Оқушылардың жеке ғылыми шығармашылық жұмысына бағыт-бағдар беретін мұғалімдердің қосымша білім беру және орта білімнен кейінгі білім беру орындарымен байланысын күшейту;
- ҰБДҚжұмысының жүргізілуін қадағалау;
- Мектеп мұғалімдерін түрлі кәсіби байқауларға қатыстыру, шығармашылықпен жұмыс жасауға бейімдеу;
- Пән әдістемелік бірлестіктерінің белсенді жұмыс істеуіне ықпал жасау;
- Өзара сабаққа ену арқылы әдістемелік көмектер ұйымдастыру;
- Аттестациядан өтетін мұғалімдердің аттестаттау талабына сай болуына ақпараттық насихат жұмысын күшейту.
- Пән кабинеттерінің оқу-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етілуін, қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға және оқу-тәрбие үрдісінің талаптарына сәйкестендіру;
- Педагог кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыруға жағдай жасау;
- Мұғалімдер қауымы, ішкі істер бөлімі, отбасы және қоғамдық ұйымдар арасындағы ықпалдастықты күшейте отырып, мектеп оқушылары арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жолдарын қарастыру